# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

## 2026 жылғы 4 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі алғашқы екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау, прокуратура және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл екі заң бір-бірімен байланысты, сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Қожаев Марат Шәдетханұлына беріледі.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға ұсынылған заңдар қолданыстағы заңдарды Қазақстан Республикасының

жаңа Конституциясының нормаларына сәйкес келтіруге, сайлау, прокуратура қызметі саласындағы заңнаманы жетілдіруге, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесін ізгілендіруге бағытталған.

Законами вносятся изменения и дополнения в 81 законодательный акт, в том числе в 15 кодексов.

Поправки по Закону «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам приведения их в соответствие с Конституцией, совершенствования законодательства о выборах, прокуратуре и социальном обеспечении» содержат следующие основные положения.

Уточняется компетенция маслихатов в части избрания членов территориальных, окружных и участковых избирательных комиссий путем проведения тайного или открытого голосования в целях приведения в соответствие с положениями Конституционного закона «О выборах в Республике Казахстан».

Расширяются основания досрочного прекращения полномочий депутата маслихата путем дополнения действующих норм закона таким основанием, как отзыв депутата, избранного по одномандатному территориальному избирательному округу.

Законом вводится обязательная публикация сведений о составе собрания местного сообщества на интернет-ресурсах органов местного самоуправления в целях обеспечения прозрачности при осуществлении своих полномочий.

В целях реализации Указа Президента Республики Казахстан от 17 декабря 2025 года «О совершенствовании системы государственного управления в сфере защиты прав инвесторов и возврата активов» законом вносятся поправки, направленные на:

усиление компетенции прокуратуры по защите прав инвесторов;

совершенствование механизмов защиты прав инвесторов;

наделение органов прокуратуры компетенцией по осуществлению координации деятельности государственных органов при сопровождении инвестиционных проектов.

Также в рамках поправок в Предпринимательский кодекс Генеральный Прокурор наделяется правовым статусом инвестиционного омбудсмена, на которого будут возложены функции по защите прав и законных интересов инвесторов. На региональном уровне инвестиционного омбудсмена будут представлять инвестиционные прокуроры – прокуроры областей и приравненные к ним прокуроры.

При этом за органами прокуратуры сохраняется также компетенция по выявлению и возврату государству незаконно приобретенных активов.

По Закону Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Уголовный, Уголовно-процессуальный, Уголовно-исполнительный кодексы Республики Казахстан и Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам приведения их в соответствие с Конституцией Республики Казахстан, совершенствования законодательства Республики Казахстан о выборах и прокуратуре» остановлюсь на следующих важных концептуальных поправках.

В связи с необходимостью приведения норм кодексов в соответствие с новой Конституцией законом уточняются дефиниции, принципы судопроизводства, а также диспозиции ряда статей.

Во исполнение поручения Главы государства о необходимости внедрения прогрессивных подходов, стимулирующих осужденных к соблюдению ценностей закона и порядка и реинтеграции их в общество, в Уголовный кодекс вводится новая статья 73-1, предусматривающая условное сокращение срока лишения свободы.

Согласно нововведению лицу, отбывающему лишение свободы, при отсутствии у него дисциплинарного взыскания в течение одного года оставшийся неотбытый срок лишения свободы подлежит условному сокращению судом на один месяц.

В целях защиты прав осужденных женщин в Уголовно-исполнительном кодексе выделены и разграничены из общих прав осужденных права женщин, отбывающих наказание в учреждениях средней и максимальной безопасности. Указанными нормами улучшаются условия их содержания.

Важнейший блок поправок касается осужденных женщин, имеющих малолетнего ребенка, а также мужчин, воспитывающих в одиночку малолетнего ребенка, отбывающих наказание в учреждениях минимальной безопасности. В частности, с принятием закона указанные лица будут иметь право два раза в год на краткосрочный выезд за пределы учреждения минимальной безопасности для свидания с малолетними детьми.

Действующие нормы Уголовно-исполнительного кодекса устанавливают определенные ограничения в части телефонных переговоров для осужденных в зависимости от условий отбывания наказания.

Рассматриваемым законом для осужденных женщин, имеющих или воспитывающих малолетнего ребенка, и осужденных мужчин, воспитывающих в одиночку малолетнего ребенка, указанные ограничения исключаются. Для них право телефонных переговоров сохраняется исключительно для поддержания связи с малолетними детьми в соответствии с периодичностью, установленной в Уголовно-исполнительном кодексе.

Законом предусмотрены и другие нормы, направленные на гуманизацию уголовно-исполнительной системы.

Законы обсуждены и рассмотрены на заседаниях рабочей группы и расширенном заседании комитета в первом чтении.

От постоянных комитетов Сената по концепции законов замечаний и предложений не поступало.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау, прокуратура және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заңдар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Қыдырәлі Дархан Қуандықұлына беріледі.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Рақмет.

Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін азаматтардың құқықтарын қорғау мақсатында енгізілген өзгерістерге сәйкес сақтандыру шартының болмауы жұмыс берушіні жауапкершіліктен босатпайды. Мұнда бір ескерерлік жайт, жазатайым оқыс оқиға кезінде заң талаптарын бұзған кәсіпорын ірі көлемдегі өтемақыларды төлеуден жалтару үшін банкроттық рәсімін пайдаланып, зардап шеккендер мен олардың отбасыларын төлемдерсіз қалдыруы ықтимал. Осыған орай Ұлттық экономика министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдеріне сұрақтарым бар.

1. Жұмыс берушінің қызметкерлерді міндетті сақтандыру шарттарымен 100 пайыз қамтуын қамтамасыз ету үшін қандай алдын алу тетіктері мен әкімшілік ықпал ету шараларын қолдануды жоспарлап отырсыздар?

2. Заң талаптарын орындамаған жұмыс беруші банкрот болған яки таратылған жағдайда зардап шеккен қызметкерлерге өтемақылардың үздіксіз төленуін қамтамасыз ететін субсидиарлық жауапкершілік механизмі қарастырылған ба?

3. Біз 2024 жылы депутаттық сауал жолдап, жұмыс орнындағы зорлық-зомбылық пен харассмент туралы сұраған едік, одан бері де екі жылдан астам уақыт өтті. Халықаралық еңбек ұйымының «Еңбек саласындағы зорлық-зомбылық пен харрасментті жою туралы» конвенциясына қашан қосылуды жоспарлап отырсыздар? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ұлттық экономика вице-министрі Омарбеков Бауыржан Бақытұлы, алдымен сіз жауап беріңіз.

ОМАРБЕКОВ Б.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Сұрақтың алғашқы бөлігіне қатысты айтсақ, жалпы өзінің еңбек міндеттемесін орындау барысында жұмыстағы жазатайым оқиғалардан қызметкерлерін міндетті сақтандыруға қатысты жұмыс берушілердің жауапкершілігін күшейту жөнінде заң жобасында нормалар бар. Нақтырақ айтқанда, егер заң жобасы қабылданған жағдайда алдағы уақытта қызметкердің міндетті сақтандыруы болмай, жазатайым оқиға орын алған жағдайда сол қызметкерге тиісті төлемді жұмыс берушінің өз есебінен төлеуге қатысты, яғни бұл сол қызметкердің құқығын қорғауға, тиісті төлемдердің қажетті көлемде және мерзімінде төленуін қамтамасыз етіп, түптеп келгенде жұмыс берушінің жауапкершілігін көтереді деп есептейміз. Ал превентивтік шараларға қатысты, субсидиарлық жауапкершілікке және конвенцияға қатысты бөлігінде рұқсат болса әріптесімнің толықтырып кетуін жөн деп санаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Шегай Виктория Вильгельмовна, жауап беріңіз.

ШЕГАЙ В.В. Мәулен Сағатханұлы, рақмет.

Спасибо за вопросы.

Что касается превентивных мер по страхованию работников от несчастных случаев при осуществлении трудовых и служебных обязанностей. С 2025 года мы обеспечили интеграцию информационных систем с единой страховой базой данных, теперь все договоры заключаются исключительно в электронном формате. На сегодня страхованием охвачено свыше 190 тысяч предприятий, охват застрахованных мест составил 7,4 миллиона.

Кроме того, как вы знаете, предусмотрена субсидиарная ответственность. В случае если работодатель был признан банкротом, предприятие было ликвидировано, предусмотрена выплата из республиканского бюджета пособия по возмещению вреда пострадавшим работникам, начиная с 18-летнего возраста, после периода капитализации обязательств работодателя.

Что касается ратификации о присоединении к Конвенции МОТ № 190, то на протяжении двух лет нами проводилась большая работа по консультациям с Международной организацией труда по имплементации норм о харассменте, в том числе в рамках трудового законодательства. В результате все разработанные и согласованные со всеми соцпартнерами поправки были заложены в основу концепции документа о регуляторной политике, которая была одобрена в сентябре прошлого года на заседании Межведомственной комиссии. Законопроект уже разработан, сейчас мы проходим согласование с заинтересованными государственными органами и партнерами. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Әділет министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігінің өкілдеріне.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 47-бабына мемлекеттік органдардың ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған функцияларын бәсекелестік ортаға беруге тыйым салатын түзетулер енгізілуде. Бұл қадам мемлекет егемендігін нығайту үшін аса маңызды. Дегенмен соңғы жылдары мемлекеттік-жекешелік әріптестікпен аутсорсинг аясында денсаулық сақтаудың ақпараттық базалары, бейнебақылау жүйелері және дербес деректерді өңдеу сияқты көптеген маңызды міндеттер жеке компанияларға беріліп кеткен. Осыған байланысты келесі мәселелерді түсіндіруді сұраймын.

Бірінші. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстегі бұл тыйым бұған дейін бизнеске берілген стратегиялық функцияларды мемлекетке дереу қайтаруды және жасалған келісімшарттарды қайта қарауды талап ете ме?

Екінші. Мемлекеттік органдардың жұмысын техникалық қамтамасыз ету мен ұлттық қауіпсіздікке әсер ететін функцияларды жекешелендірудің аражігін ажыратын нақты құқықтық критерийлер қандай? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әділет вице-министрі Мерсалимова Лаура Қанатқызы, жауап беріңіз.

МЕРСАЛИМОВА Л.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қарастырылып отырған түзету аталған баптың редакциясын жаңа Конституцияға сәйкес келтіруге бағытталған және нақтылаушы сипатқа ие. Атап айтқанда, бәсекелестік ортаға беруге жатпайтын мемлекеттік органдардың функциялар тізбесі редакциялық тұрғыдан нақтыланып, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты функциялармен толықтырылды. Бұл ретте аталған түзету бұрын қабылданған шешімдерді қайта қарауды немесе олардың күшін жоюды талап етпейді. Себебі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 47-бабының қолданыстағы редакциясы ұлттық қауіпсіздік саласындағы функцияларды жалпы бәсекелестік ортаға беруге тыйым салуды көздейді. Ал мемлекеттік органдардың функцияларын бәсекелестік ортаға беру тәртібіне келетін болсақ, бұл мәселе Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен және осы кодекске сәйкес қабылданған тиісті заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілермен толық реттеледі.

Осы мәселе бойынша Бауыржан Бақытұлы толықтырады деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бауыржан Бақытұлы, жауап беріңіз.

ОМАРБЕКОВ Б.Б. Рақмет.

Сұрақтың бірінші бөлігіне қатысты айтсақ, расында да біз бұрын жасалған шарттарды және сапалы орындалып жатқан шарттарды қайта қарауды көздеп отырған жоқпыз. Бұл бірінші бөлігіне қатысты. Ал екінші бөлігінде жалпы функцияларды бизнес ортаға беретін кезде міндетті түрде сақталуы қажет құқықтық өлшемшарттар және қағидаттары нақты көрсетілген. Ол кодексте де бар және Ұлттық экономика министрінің бұйрығында да көрсетілген, яғни талдаудың нақты тетіктері көрсетілген. Олар азаматтардың, бизнес қауымдастықтардың, мемлекеттің құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауға бағытталған. Ал ұлттық қауіпсіздікке немесе мемлекеттің мүддесіне нұқсан келтіретін функцияларды бизнес ортаға беруге жол берілмейді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Бас прокуратураның өкіліне.

Өткен жылы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында Бас прокуратураның заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комитетінің жұмысын жоғары бағалап, оны инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитетке айналдырудың уақыты келгенін атап өтті.

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін қаралып отырған заң арқылы бірқатар заңнамалық актілерге, оның ішінде Кәсіпкерлік кодексте түзетулер енгізіледі, оған сәйкес инвестициялық жобаны іске асыруға байланысты мәселелер бойынша инвесторлар тізіліміне енгізілген инвестор прокурорлық қорғауды ала алады. Менің сұрағым осыған байланысты.

Инвесторларды осы тізілімге енгізу шарттары қандай және осы тізілімге енгізілмеген инвесторлардың құқықтары қалай қорғалады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының міндетін атқарушы Хасенов Арман Аманжолұлы, жауап беріңіз.

ХАСЕНОВ А.А. Сұрағыңызға рақмет.

Біздің комитет инвесторлар тізіліміне тіркелген инвесторларды қорғайды. Қазіргі кезде оның деректі цифрлық базасы немесе ол қазір ұлттық цифрлық инвестициялық платформа болып саналады. Оны Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар комитеті жүргізеді. Ол тізілімнің ішінде инвесторлар, жобалар, инвестиция сомалары жөніндегі мәлімет бар.

Тізілімге енгізу үшін қандай талаптар бар?

Бірінші – инвестициялық жобаны дайындау, екінші – инвесторларды қолдау механизмі арқылы өтінім беру. Мысалы, әкімдік, «Kazakh Invest» ҰК» АҚ, Инвестициялар комитеті арқылы. Үшінші – жобаның паспортын қалыптастыру. Сосын инвесторлар тізілімі бойынша оның арнайы жүргізу және пайдалану қағидалары бар. Нақты айтқанда, инвесторлар жаңа өндіріс құру жобаларын, сондай-ақ қолданыстағы өндірісті жаңарту және кеңейту жобаларын іске асырып жатқан кәсіпкерлер, яғни Қазақстан экономикасына қосымша қаражат салатын адамдар.

Другими словами, инвесторы – это определенная категория тех предпринимателей, которые занимаются сейчас инвестированием средств в экономику Казахстана.

Мы, комитет, сейчас работаем по наполнению этого реестра. Если с момента создания комитета, с декабря прошлого года, в реестре было 1900 инвесторов, то сейчас мы его наполнили, количество инвесторов увеличилось более чем в 1,5 раза, на данный момент там 3300 инвесторов. Мы работаем со всеми, кто приходит и кто по каким-то причинам не вошел в реестр, но, как я уже сказал, инвесторы – это подпадающие под определенную категорию производства предприниматели.

Касательно второй части вопроса. Конечно, простые предприниматели, частные, юридические лица любой формы собственности не остались без надзора прокуратуры, потому что в прокуратуре есть Служба по защите общественных интересов, одним из главных направлений которой является надзор в сфере предпринимательства, защита предпринимательства. Это те же самые вопросы: незаконные проверки, возможные вмешательства, административные барьеры и так далее. Эта сфера надзора, так называемая третья служба, для прокуратуры сохраняется.

Касательно работы нашего комитета, то, как я уже сказал, наш комитет был создан специально для защиты инвесторов, которые состоят в Национальном реестре инвесторов. Рақмет.

ТӨРАҒА. Короткий вопрос и короткий ответ. Как входят инвесторы в этот реестр? Они сами добровольно обращаются, или после какого-то уровня суммы инвестиций, например, Министерство национальной экономики передает данные, и они уже автоматически попадают в реестр, а вы обеспечиваете реализацию их прав?

ХАСЕНОВ А.А. Так точно. В первую очередь это инициатива самого инвестора. Есть различные площадки, куда он может обратиться, начиная с акиматов, АО «НК «Kazakh Invest», Комитета по инвестициям.

В этом реестре есть два пула инвесторов – национальный пул и региональный пул. Там есть ограничение: если сумма инвестиций превышает 150 тысяч МРП (около 1,1 миллиона долларов), то они уже попадают в национальный пул. Нижний порог не ограничен. Это уже на усмотрение местных исполнительных органов. Любой инвестор с любым производством или проектом может обратиться. Его заявка рассматривается на соответствующих площадках акиматов, так называемыми региональными комиссиями, на которых инвестор получает статус инвестора и входит в этот реестр.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Марат Шәдетханұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңдарды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутаттар! Қарастырылып отырған заңдар қолданыстағы заңнаманы жаңа Конституцияның нормаларымен сәйкестендіруге, еліміздің сайлау жүйесін одан әрі жетілдіруге, сайлау процесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ прокуратура және басқа да салалардағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Жалпы, конституциялық реформаны іске асыру аясында бірқатар заңнамалық түзетулер енгізілді. Заң аясында 81 заңнамалық актіге, оның ішінде 15 кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отыр.

Баяндамашы баяндамасында атап өткендей, мәслихат депутаты бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша кері шақырылған жағдайда оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату рәсімін заңнамалық тұрғыдан реттеу депутатты кері қайтарып алу тәртібін реттеудегі құқықтық олқылықтарды жойып, азаматтардың өкілді билік институтына сенімін арттырады.

Инвесторлардың құқықтарын қорғау саласында да маңызды реформалар аясында бірқатар заңдарға прокуратура қызметіне қатысты түзетулер енгізілуде.

Өздеріңізге мәлім, елімізде инвесторлар үшін қолайлы әрі болжамды орта қалыптастыру жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2024 жылдан бастап прокуратура органдары маңызды инвестициялық жобаларды іске асырудың барлық кезеңінде сүйемелдеу жұмыстарын жүргізуде. Осы уақыт ішінде прокурорлар 2 мыңнан астам инвестордың құқығын қорғап, әкімшілік кедергілерді жоюға ықпал еткен. Нәтижесінде 270 инвестициялық жоба іске қосылып, шамамен 30 мың жаңа жұмыс орны ашылған. Олар мемлекет экономикасына 60 миллиард АҚШ доллары мөлшерінде үлес қосады.

Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитетінің құрылуы инвестициялық жобаларды іске қосудан бастап олардың толыққанды жұмыс істеуіне дейін инвесторларды нақты құқықтық қорғау жүйесін қалыптастырудағы маңызды қадам болады деп санаймын.

Бизнеске зиян келтірместен активтерді ерікті түрде қайтаруды ынталандыру мақсатында да өзгерістер қарастырылған. Мемлекет басшысының 2025 жылдың наурыз айында Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында берілген тапсырмасын орындау мақсатында қылмыстық-атқару жүйесіндегі тәрбиелік тәсілдерді жетілдіру, балалы және жүкті әйелдерді колонияларда ұстау жағдайларын жеңілдету бойынша түзетулер де қамтылды. Енгізілген нормалар әйелдерді қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұстау жағдайларын жақсартып, сондай-ақ әйелдердің босануын мекемеде емес, мекеменің орналасқан жері бойынша медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының перзентхана бөлімшесінде жүргізуге мүмкіндік беретін болады.

Қарастырылып отырған заңдар жаңа Ата заңымыздың нормаларын іске асырудың құқықтық тетіктерін айқындап, бірқатар салалардағы заңнаманы жетілдіруге бағытталғандықтан маңызды және уақытылы деп есептеймін.

Құрметті әріптестер! Айтылғандарды ескере келе, мен қаралып отырған заңдарды қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау, прокуратура және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңдарды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Бекназаров Нұрлан Құдияұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті депутаттар! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау, прокуратура және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Қазақстан

Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауға енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заңдар бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Бәрімізге белгілі, Салық кодексі бұл мемлекет пен салық төлеушілер арасындағы қатынастарды реттейтін негізгі заңдар жиынтығы. Ол қандай салықтар бар екенін, кім, қанша және қашан төлеу керектігін белгілейді және тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды. Сол себептен біздер бастамашы ретінде аталған заңды енгіздік.

Заң Қазақстан Республикасы Салық кодексінің нормаларын 2026 жылғы 15 наурыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне сәйкес келтіру мақсатында әзірленген болатын.

Заң:

бір палаталы Парламент – Құрылтайдың, Қазақстан Халық Кеңесінің құрылуына байланысты өзгерістерді;

құқықтық терминологияны жетілдіруге бағытталған редакциялық түзетулерді көздейді;

Астана қаласының ерекше мәртебесіне сәйкес аумақ атауларын көрсетуде басымдықпен реттелген;

бұдан бөлек «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Заңның 40-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес Конституциялық Сотқа жүгіну үшін қарастырылған мемлекеттік баж төлемі Салық кодексінен де алынып тасталды.

Жалпы алғанда, өзгерістер салық төлеушілер үшін жаңа салықтар, ставкалар немесе міндеттемелер енгізуді көздемейді. Оның мақсаты Салық кодексін жаңа Конституция нормаларымен үйлестіру және мемлекеттік институттардың жаңа моделін құқықтық тұрғыдан бекіту болып табылады.

Заңды қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарларға алып келмейді және мемлекеттік бюджеттен қаржылық шығындарды талап етпейді.

Аталған заң жұмыс тобының отырысында, комитет отырысында, комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты қаралып талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң тұжырымдамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Осыған байланысты Қаржы және бюджет комитеті «Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 58-тармағына сәйкес бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне.

Өткен жылдың соңында кәсіпкерлікті қолдау мақсатында, сондай-ақ кәсіпкерлердің жаңа Салық кодексіне біртіндеп әрі қолайлы көшуін қамтамасыз ету мақсатында Үкімет шағын бизнес субъектілері үшін салықтық әкімшілендіруді жетілдіруге бағытталған бірқатар шараларды қабылдаған болатын. Егер атап айтатын болсақ, ол салықтың алдыңғы кезеңдері бойынша тексерулер жүргізбейді, камералдық бақылау жүзеге асырылмайды, оған қосымша ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейін салық берешегі өтелген жағдайда өсімпұлдар мен айыппұлдарды төлеуден босату көзделген. Осыған байланысты бірнеше сұрақ туындап отыр.

Бірінші. Жоғарыда аталған шаралардың және басқа да шаралардың қабылдануының әсерінде кәсіпкерлердің қаржылық тұрақтылығына және олардың салықтық міндеттемелерді ерікті түрде орындауына қаншалықты әсер етті?

Екінші. Кәсіпкерлер сервистік модельге көшу бойынша қандай нәтижелерге қол жеткізді? Сервистік модельді одан әрі жетілдіру үшін заңнамалық өзгерістер енгізу қажеттілігі бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Тұрысов Әсет Нұрланұлы, жауап беріңіз.

ТҰРЫСОВ Ә.Н. Құрметті Сұлтанбек Алмасбекұлы, сұрағыңызға рақмет.

13 миллиард теңге мөлшерінде негізгі салықты төлеу нәтижесінде 19 мың субъект 9,3 миллиард сомасына өсімпұлдар мен айыппұлдарды есептен шығарды.

Жыл басынан 1 маусымға дейін бизнес субъектілерінің саны 367 мыңға дейін өсті, яғни ол 2,8 миллион бизнес субъектісіне дейін жетті. Енді жалпы белгіленген режимде салық төлеушілер саны 914,4 мыңға дейін жетті, яғни 384,4 мыңға дейін өсті. Бұл ретте оның 290,3 мыңы жеке кәсіпкерлікке жатады. Ал қосылған құн салығын төлеушілер саны 18,6 мыңға дейін өсті.

543,5 мың жеке тұлға өзін жұмыспен қамтылғандар ретінде тіркеді. Енді оның 397 мыңы бұрын тіркелмеген тұлғалар.

Если позволите, по чекам хотел бы сказать в сравнении с 2025 годом. В 2025 году было выбито 1,2 миллиарда чеков на сумму 10,1 триллиона тенге. В 2026 году за этот же период (январь-апрель) было выбито 1,5 миллиарда чеков на сумму 12,56 триллиона тенге. Рост составил, если говорить по чекам, 323,9 миллиона чеков, а сумма увеличилась на 2,4 триллиона тенге.

В целом здесь мы придерживаемся сервисной модели, в соответствии с которой сопровождаем налогоплательщика по его жизненному циклу, поэтапно переходим к форме взаимодействия между государством и бизнесом, и здесь, конечно, немаловажную роль играет цифровизация. Например, уже сегодня мы отправляем push-уведомления в банковские приложения и Кабинет налогоплательщика о предстоящих платежах. Вместе с этим другие сервисы тоже подключаем.

В соответствии с новым Налоговым кодексом, например, количество плат, сборов, налогов сокращено на 20 процентов. Если говорить о формах налоговой отчетности, то из 39 форм сокращено до 28 форм. Все это создает предпосылки к стабилизации финансового положения бизнеса, снижению давления со стороны администрирования и более надежной партнерской модели.

В дальнейшем планируем развивать все эти сервисы через цифровые платформы, где бизнесмен будет через Кабинет налогоплательщика или другие мобильные приложения смотреть статусы и всегда будет взаимодействовать с налоговыми органами.

Касательно второго вопроса, то осенью законопроект будет разработан и внесен на рассмотрение. Там будут вопросы и «с чистого листа». Я думаю, там мы будем готовы проработать в этом отношении. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Бекболат Серікбекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауды енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған әріптестер, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл заңдар бір-бірімен байланысты, сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Нұғманов Амангелді Шайхоллаұлына беріледі.

НҰҒМАНОВ А.Ш. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Бүгін сіздердің назарларыңызға кезекті маңызды құжатты ұсынғалы отырмын. 4 кодекс, 11 заңға 119 түзету мен өзгеріс енгізу қарастырылып отыр.

Сіздердің қарауларыңызға ұсынылып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұлттық қауіпсіздік жүйесін одан әрі нығайтуға, әкімшілік заңнаманы жетілдіруге және арнаулы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Қазіргі кезеңде қауіпсіздік саласындағы қатерлердің сипаты айтарлықтай өзгеруде. Терроризм мен экстремизм, киберқауіптер, трансұлттық қылмыс секілді жаңа сын-қатерлер мемлекеттен нақты әрі уақытылы құқықтық шешімдерді талап етеді. Осыған байланысты заңдар қолданыстағы құқықтық тетіктерді жетілдіруге, құқық қолдану тәжірибесіндегі олқылықтарды жоюға және мемлекеттік органдар қызметінің үйлесімділігін қамтамасыз етуге арналған. Заңдарда терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы құқықтық нормаларды күшейтуге ерекше назар аударылған. Атап айтқанда, Әкімшілік

құқық бұзушылық туралы кодекстің 453-бабы әкімшілік жауапкершілікті нақты бекітуге мүмкіндік береді. Осы арқылы қолданыстағы заңнамадағы құқықтық олқылық жойылып, терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл тетіктері күшейтіледі. Сонымен қатар экстремистік материалдардың әрекеттерін құқықтық реттеу аясына қосымша енгізу көзделіп отыр. Бұл қазіргі ақпараттық кеңістіктегі қауіптердің өзгеруіне байланысты қабылданып отырған маңызды шаралардың бірі.

Мемлекеттік күзет қызметін жетілдіруге бағытталған түзетулер де маңызды орын алады. Заң арқылы Мемлекеттік күзет қызметінің құқықтары мен міндеттері қазіргі заманғы қауіпсіздік талаптарына сәйкестендіріледі. Күзет іс-шараларын өткізу барысында азаматтарды, олардың заттарын және көлік құралдарын тексеру тәртібі нақты регламенттеледі. Сонымен қатар күзетілетін объектілерге тыйым салынған заттарды алып өтуге шектеулер енгізіліп, қауіпсіздік режимі күшейтіледі. Сонымен бірге Мемлекеттік күзет қызметкерлерінің дене күшін, арнайы құралдарды, қару-жарақты, жауынгерлік техниканы және қызметтік жан-жануарды қолдану тәртібі жүйеленеді. Мұндағы негізгі мақсат – күш қолданудың құқықтық шектерін нақты белгілеу, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің жауапкершілігін айқындау.

Заңдарда мемлекеттік мүлікті пайдалану мәселелері де қарастырылған. Азаматтық кодекске енгізілетін түзетулер арқылы мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті пайдалану және оған билік ету тәртібі қолданыстағы заңнамамен толық сәйкестендіріледі. Бұл мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге, оны мақсатсыз пайдаланудың алдын алуға және құқық қолдану тәжірибесіндегі түсінбеушіліктерді жоюға мүмкіндік береді. Сондай-ақ әскери және арнаулы оқу орындарында даярланған мамандарға жұмсалған мемлекет қаражатын өтеу тетігі жетілдіріледі.

Мемлекет қауіпсіздік саласындағы білікті кадрларды даярлауға қомақты қаржы бөледі. Осыған байланысты мемлекет шығындарын өтеуге міндетті тұлғалардың ауқымы кеңейтіледі. Енді бұл талап тек курсанттар мен тыңдаушыларға ғана емес, магистранттарға, докоранттарға, сондай-ақ халықаралық шарттар негізінде шетелдік оқу орындарында білім алған азаматтарға да қолданылады. Бұл норма ең алдымен мемлекеттік қаражатқа деген жауапкершілікті күшейтуге бағытталған.

Тұтастай алғанда, ұсынылып отырған заңдар ұлттық қауіпсіздік жүйесін одан әрі нығайтуға, арнаулы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға, экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл тетіктерін жетілдіруге, әкімшілік заңнаманы жаңғыртуға және құқықтық нормалардың өзара үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Аталған заңдарды қабылдау мемлекеттік қауіпсіздік жүйесінің тұрақтылығын арттыруға, құқықтық тетіктердің тиімділігін күшейтуге және еліміздің ұлттық мүдделерін қорғауды одан әрі нығайтуға мүмкіндік береді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің заң тұжырымдамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ. Осыған байланысты Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті ұсынылып отырған заңдарды бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заңдар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкіліне.

Қаралып отырған заң арқылы «Арнаулы мемлекеттік органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына кадрларды жасақтау, қызмет өткеру және қызметкерлерді даярлау тәртібін жетілдіруге бағытталған түзетулер енгізілуде.

Түзетулер шеңберінде негізгі ұғымдар нақтыланып, кадрлық іріктеудің қосымша тетіктері енгізіледі, кандидаттар мен олардың отбасы мүшелеріне арнайы тексеру жүргізу тәртібі регламенттеледі, сондай-ақ арнайы мемлекеттік органдар үшін кадрларды оқыту мен даярлауды ұйымдастырудың жаңа тәсілдері айқындалады. Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Конкурстық баллдары тең болған жағдайда азаматтардың жекелеген санаттары үшін әскери және арнаулы оқу орындарына түсу кезінде басым құқық беруді енгізу қандай практикалық міндеттерді шешуге бағытталған? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары Наймантаев Алмас Тілепбергенұлы, жауап беріңіз.

НАЙМАНТАЕВ А.Т. Сұрағыңызға рақмет, Мұрат Болатұлы.

Указанная норма прежде всего направлена на решение нескольких практических задач.

Во-первых, она устраняет противоречие между законами «О воинской службе и статусе военнослужащих» и «О специальных государственных органах».

В Законе «О воинской службе и статусе военнослужащих» эта норма присутствует, а в Законе «О специальных государственных органах» она отсутствует. В этой связи для создания единообразных условий поступления в два наших ведомственных вуза (Академия Комитета национальной безопасности и Пограничная академия) вводится эта норма.

Во-вторых, она содействует оказанию социальной поддержки наиболее уязвимым слоям населения, как дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей. Тем самым мы создаем им возможность получения бесплатного образования.

Также мы преследуем цель обеспечения преемственности поколений для детей наших сотрудников, которые погибли при исполнении служебных обязанностей либо получили увечья, инвалидность во время прохождения службы.

В-третьих, при равенстве конкурсных баллов такая мера должна способствовать привлечению кандидатов, которые уже прошли допризывную подготовку из разряда «Жас сарбаз», «Жас айбын», которые уже имеют представление, что такое воинская служба, воинская дисциплина, а также понимают ответственность перед государством.

В-четвертых, эта норма в целом не отменяет конкурсный отбор. Все ребята поступают на общих основаниях, но он является дополнительным критерием отбора.

Таким образом, введение данной нормы позволит нам улучшить комплектование органов национальной безопасности при неизменных условиях сохранения общих требований при поступлении.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНІСОВ Т.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкіліне.

Рассматриваемый закон направлен на совершенствование законодательства в области прохождения службы в специальных государственных органах.

В этой связи, Алмас Тлепбергенович, прошу разъяснить следующие вопросы.

Может ли расширение полномочий специальных государственных органов, то есть органов национальной безопасности, уполномоченного органа в сфере внешней разведки, Службы государственной охраны Республики Казахстан привести в условиях чрезвычайной ситуации и чрезвычайного положения к дублированию компетенций с Министерством внутренних дел и Министерством обороны?

Не создаст ли расширение функций специальных государственных органов риски двойного подчинения сотрудников других силовых структур при межведомственных операциях? Рақмет.

ТӨРАҒА. Наймантаев Алмас Тілепбергенұлы, жауап беріңіз.

НАЙМАНТАЕВ А.Т. По первому вопросу. Рассматриваемые изменения не предусматривают дублирования функций правоохранительных органов и Вооруженных Сил. Компетенции каждого государственного органа четко определены в профильных законах и разграничены по направлениям деятельности.

Органы национальной безопасности, Служба государственной охраны, Министерство внутренних дел, Министерство обороны выполняют различные задачи в рамках единой системы национальной безопасности.

В условиях чрезвычайного положения, чрезвычайной ситуации социального характера взаимодействие между государственными органами осуществляется на основании профильных законов, решений Президента, а также утвержденных планов межведомственного взаимодействия. Согласно этим планам четко определен руководящий орган, разграничены полномочия, сферы ответственности участников.

Таким образом, эта норма появилась вследствие того, что, как вы помните, в 2022 году были январские события, были определенные проблемы по взаимодействию силовых структур. После этого были внесены поправки в основной закон (в данном случае это Закон «О чрезвычайном положении»), все недостатки были устранены, прописаны четкие направления деятельности каждого из органов силовых структур.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Карплюк Сергей Алексеевичке беріледі.

КАРПЛЮК С.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Вопрос адресован Комитету национальной безопасности.

В законе особое внимание уделяется модернизации системы специальных государственных органов, в том числе вопросам кадровой политики, повышения эффективности службы и укрепления мер по обеспечению национальной безопасности.

В то же время предлагается исключить возрастной ценз для приема молодых специалистов в оперативные подразделения специальных государственных органов.

В этой связи прошу ответить: какие дополнительные механизмы профессионального отбора, подготовки и контроля планируется внедрить для молодых специалистов младше 23 лет, учитывая высокий уровень ответственности, доступ к государственной тайне, специфику деятельности специальных государственных органов? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

НАЙМАНТАЕВ А.Т. Спасибо за вопрос.

Исключение возрастного ограничения не означает упрощение требований к кандидатам. Отбор молодых специалистов будет производиться на общих основаниях с обязательным прохождением установленных законом процедур, таких как медицинское освидетельствование, психофизиологическое обследование, проверка уровня профессиональной и физической подготовленности, оценка моральных и деловых качеств. При этом включается специальная проверка кандидатов и их близких родственников.

Касательно доступа к государственным секретам. Доступ будет предоставляться после проведения всех обязательных проверочных процедур и оформляться соответствующим допуском.

Касательно дальнейшей службы молодых оперативных работников. На первоначальном этапе для них предусмотрен механизм адаптации. Он включает в себя дополнительную профессиональную подготовку, поэтапный допуск к самостоятельной оперативной работе под контролем и надзором наставников из числа опытных сотрудников.

Таким образом, в целом поправки направлены на расширение возможностей по привлечению наиболее талантливой молодежи.

Здесь хотел бы особо отметить, почему мы убираем именно 23 года. Как известно, сейчас в большинстве случаев дети поступают в школу с 6 лет, в 16-17 лет они оканчивают школу, получают среднее образование, поступают в вуз, оканчивают в 20 лет или 21 год. В этой связи этот разрыв между 21 годом и 23 годами не позволяет им сразу после окончания вуза трудоустроиться на службу в органы национальной безопасности или в воинские формирования. Особенно критична эта ситуация для подразделений информационной безопасности, где мы ощущаем дефицит таких специалистов.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Амангелді Шайхоллаұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңдарды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Құрметті әріптестер! Рассматриваемые законы инициированы депутатами Парламента. Вносимые поправки направлены на укрепление кадрового потенциала и повышение эффективности деятельности органов национальной безопасности.

Хотелось бы отметить, что большая часть поправок касается условий поступления и прохождения службы в специальных государственных органах, в том числе регламентации полномочий сотрудников специальных государственных органов, в целях определения четких правовых рамок их действий, а также защищенности при выполнении возложенных на них задач. При этом все вносимые изменения и дополнения в законы продиктовала сама жизнь, то есть поправки родились из правоприменительной практики.

Ключевая миссия и деятельность специальных служб неразрывно связана с защитой национальных интересов, суверенитета и целостности государства. В этой связи эффективность их деятельности прямо сказывается на обеспечении национальной безопасности, стабильном и устойчивом развитии государства.

Считаю, что оптимизация законодательства в данной сфере является стратегическим приоритетом. Действующая нормативная правовая база должна оперативно адаптироваться к комплексным вызовам, обеспечивая правовую основу для защиты национальных интересов во всех ключевых сферах.

Безусловно, рассматриваемые сегодня законы согласуются с названным приоритетом, поскольку вносимые поправки направлены на совершенствование правовых мер по противодействию экстремизму и терроризму, деструктивному информационному воздействию, а также закрепляют компетенцию силовых и гражданских ведомств.

Работа с кадровым составом специальных служб, их профессиональная подготовка, повышение квалификации, аттестация являются ключевыми положениями рассматриваемых законов. Считаю, что необходимо уделять данным вопросам повышенное внимание, поскольку цена управленческой или оперативной ошибки в сфере национальной безопасности критически высока.

Как известно, специальные государственные органы наделены особыми полномочиями, и четкие критерии аттестации их сотрудников, а также высокий уровень правовой культуры, патриотизма служат главной гарантией законности, минимизируя риски некомпетентности или злоупотребления властью.

Между тем высокие требования к профессионализму и морально-психологическим качествам сотрудников органов национальной безопасности обуславливают необходимость адекватного уровня их социально-правовой защиты. Качественный кадровый состав невозможно удержать и мотивировать исключительно административными мерами. Государство должно гарантировать сотрудникам и их семьям надежный социальный щит. И рассматриваемые законы решают данный вопрос.

Еще раз хотелось бы подчеркнуть, что четкое правовое регулирование действий сотрудника специальных служб в условиях оправданного профессионального риска должно защищать его от необоснованного преследования при выполнении оперативно-боевых задач.

Құрметті әріптестер! Характер современных угроз стремительно меняется. Сегодня специальным органам противостоят не просто отдельные нарушители, а

высокотехнологичные структуры. Любые, даже самые прогрессивные законы и стратегии реализуются конкретными людьми. В этой связи кадровый потенциал органов национальной безопасности – это фундамент государственной стабильности и главный ресурс для реализации стратегических задач по защите суверенитета.

Учитывая высокую значимость поднимаемых вопросов, я голосую и одобряю данные законы, призываю вас, коллеги, поддержать и одобрить в первом чтении рассматриваемые законы.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңдарды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы! Уважаемые коллеги! Прошу включить в повестку дня пленарного заседания рассмотрение во втором чтении законов «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам деятельности специальных государственных органов Республики Казахстан» и «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях». Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заңдар бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым, ғылымды қажетсінетін аумақтар, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру,

денсаулық сақтау және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Сіздердің назарларыңызға Парламент депутаттары бастамашылық жасаған «Ғылым, ғылымды қажетсінетін аумақтар, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, денсаулық сақтау және әскери қызмет мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылады.

Заң ғылымды дамытудың тиімді және тұтас моделін қалыптастыруға, ғылыми нәтижелерді нақты экономикаға енгізуге және елдің ғылыми-технологиялық дамуын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Сондай-ақ заң ғылым, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала және әскери қызмет мәселелерін де қамтып отыр.

Заңның негізгі бағыттарына тоқталсақ:

1. Заңмен ғылымды қажетсінетін аумақтарды қалыптастыру көзделген. Аталған аумақтар ғылыми қалашықтар немесе ғылыми-технологиялық парктер түрінде құрылып, ғылым, технология және жоғары технологиялық өндірістердің шоғырлануына мүмкіндік береді. Олардың құқықтық мәртебесі, басқару тетіктері, қаржыландыру көздері және мемлекеттік қолдау шаралары нақты айқындалған. Сонымен қатар салықтық ынталандыру, арнайы экономикалық аймақ тәртібін пайдалану, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктері қарастырылып, кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырыс орналастыру көзделеді.

2. Маңызды бағыттардың бірі – ғылымды қаржыландыру жүйесін жетілдіру.

Заңда ғылыми жобаларды іске асырудың нақты тәртібі белгіленіп, жобалардың мерзімі шарт жасалған күннен бастап барлық кезеңдерді толық қамтитын болады. Бұл ғылыми жобалардың тұрақты қаржыландырылуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру, халықаралық ғылыми ынтымақтастық аясында бірлескен жобаларды қолдау және ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру шаралары күшейтіледі. Осының нәтижесінде ғылыми зерттеуден бастап оны өндіріске енгізуге дейінгі толық цикл қалыптасады. Бұдан бөлек конкурстар нәтижелерін жариялау мерзімдерін белгілеу, жобалардың құнын негіздеу және қаржыландыру көлемдерін бекіту тәртібін нақтылау көзделген.

3. Ғылыми инфрақұрылымды дамыту және цифрландыру қарастырылады.

Заңда ұжымдық пайдаланылатын зертханалар институты енгізіледі. Бұл ғылыми жабдықтарға тең қолжетімділікті қамтамасыз етіп, инфрақұрылымды тиімді пайдалануға және артық шығындардың алдын алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар дарынды балалар мен жас зерттеушілерге ғылыми инфрақұрылымды кеңінен пайдалану мүмкіндігі беріледі. Бұл ғылымның бірыңғай цифрлық кеңістігін қалыптастыруға ықпал етеді.

4. Ұлттық ғылым академиясының қызметін жетілдіру.

Заңда академияның институционалдық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған нормалар енгізілген. Атап айтқанда, оның мүліктік негіздері, басқару тетіктері

және стратегиялық зерттеулер жүргізу құзыреті нақтыланады. Заң аясында ғылым мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының рөлі жоғары ғылыми ұйым әрі қазақстандық ғылымның болашағын айқындайтын негізгі орталық ретінде күшейтіледі. Ғылымның жай-күйі мен даму үрдістері туралы жыл сайынғы ұлттық баяндама әзірленеді. Бұл ғылымды жүйелі түрде жоспарлауға мүмкіндік береді.

5. Ғалымдардың мәртебесін күшейту және әлеуметтік кепілдіктерін кеңейту.

Ғалымдардың құқықтары, академиялық еркіндігі және еңбекақы төлеудің бірыңғай тәсілдері заңнамалық деңгейде бекітіледі. Сонымен бірге ғылыми қызметкерлерге берілетін 56 күндік еңбек демалысын жекеменшік ғылыми ұйымдарға тарату көзделген.

6. Заңда денсаулық сақтау саласына қатысты да маңызды өзгерістер қарастырылған. Атап айтқанда, дәрілік заттарды тіркеу рәсімдері оңтайландырылып, композиттік қызмет енгізіледі. Бұл тіркеу мерзімін екі еседен астам уақытқа қысқартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ дәрілік заттардың сапасын бақылау күшейтіліп, референс-орталықтар құру арқылы медициналық көмектің сапасын арттыру көзделген.

Ұзақ уақыт комада жатқан азаматтардың құқықтарын қорғау мақсатында олардың туыстарына мүгедектікті рәсімдеуге өтініш беру мүмкіндігі беріледі. Сонымен қатар сақтандыру төлемдері мен зейнетақы аннуитеттері бойынша құқықтық қорғау шаралары күшейтіледі.

Заң жұмыс тобының және комитеттің кеңейтілген отырыстарында жан-жақты қаралып талқыланды.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 7) тармақшасына сәйкес «Ғылым, ғылымды қажетсінетін аумақтар, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, денсаулық сақтау және әскери қызмет мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Сенаты Регламентінің 58-тармағына сәйкес бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства науки и высшего образования.

Одной из системных проблем, сдерживающих развитие науки в Казахстане, остается слабая связь науки с производством. Несмотря на реализацию более 200 коммерческих проектов, ориентированных на практическое применение научных разработок, взаимодействие между наукой и бизнесом пока не обеспечивает должного эффекта.

Это связано также с низкой инновационной активностью предприятий. Если в сфере высшего образования и научных исследований показатели инновационных процессов относительно высоки (57,3 процента и 26,8 процента соответственно), то в обрабатывающей промышленности при числе предприятий более 4,5 тысячи инновационная активность составляет всего 11,4 процента. Это свидетельствует о слабом внедрении инноваций в ключевых секторах экономики.

В этой связи у меня два вопроса.

1. Какие реальные меры принимаются вашим министерством для развития коммерциализации научных исследований и интеграции науки с бизнесом?

2. Планируется ли внедрение стимулирующих механизмов для университетов и исследовательских центров? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ғылым және жоғары білім вице-министрі Көбенова Гүлзат Ізбасарқызы, жауап беріңіз.

КӨБЕНОВА Г.І. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Уважаемый Ернур Нурмуханович! С принятием Закона «О науке и технологической политике» создана необходимая институциональная основа для развития коммерциализации. За последние два года введены необходимые механизмы для интеграции науки и бизнеса. В частности, сейчас уже хорошо развиваются научно-технологические сессии, когда на одной площадке представители вузов и научных институтов совместно с представителями бизнеса обсуждают необходимые научные разработки для экономического развития. На сегодня уже проведено 13 таких научно-технологических сессий, где приняли участие представители крупных промышленных предприятий Казахстана, Национальной палаты предпринимателей «Атамекен». По итогам разработано более 180 технологических задач и 20 научно-технических заданий. Часть из них на данный момент уже реализуется в рамках программно-целевого финансирования. Это во-первых.

Во-вторых, у нас большие ожидания от развития региональной науки. На данный момент при всех акиматах созданы научно-технические советы, в которых представители науки и бизнеса также обсуждают научные разработки, необходимые для удовлетворения потребностей экономики регионов. Отдельные регионы уже определили научные приоритеты и выделили соответствующее финансирование для научных разработок.

В-третьих, хотелось бы отметить, что Национальная академия наук с участием представителей бизнеса и отраслевых ассоциаций третий год практикует проведение форсайтных исследований, что также будет способствовать интеграции науки и бизнеса.

Настоящим законопроектом решается вопрос финансирования опытно-конструкторских разработок, который до настоящего времени не был решен. Именно восполнение данного пробела позволит обеспечить реализацию всех уровней технологической готовности. Спасибо.

ТӨРАҒА. Какие стимулирующие механизмы будут дальше использоваться министерством для того, чтобы вузы и научные центры двигались в направлении

инноваций, практического использования научных разработок, коммерциализации научных разработок? Что еще вы дополнительно планируете?

КӨБЕНОВА Г.І. Маулен Сагатханулы, если ранее проводились конкурсы на научные исследования только на грантовое финансирование, программно-целевое финансирование и коммерциализацию, то теперь одна из новых мер – это проведение конкурсов на опытно-конструкторские разработки, когда наши ученые могут непосредственно разработать прототипы, получить патенты на изобретения и рационализаторские предложения.

Следующая важная мера, которая также стимулирует высшие учебные заведения и научные организации заниматься научными исследованиями и доводить их до коммерциализации, – это доступ к лабораториям коллективного пользования. До настоящего времени лаборатории коллективного пользования имелись практически во всех регионах, но не у всех ученых имелся доступ. А теперь через законопроект появляется возможность разработки соответствующих правил использования лабораторий коллективного пользования и проведения научных исследований.

Также через научный портал все научные организации и вузы будут видеть, в каких вузах и научных организациях имеются лаборатории и какое оборудование, и, подав туда соответствующую заявку, смогут там проводить свои исследования.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкіліне.

Қаралып отырған заңда «ғылымды қажетсінетін аумақ» деген жаңа ұғым және осы ұғымға қатысты жеке тарау көзделген.

Біздің комитеттің мүшелері Курчатов қаласында, Ядролық физика институтында, ғарыш саласына қатысты бірнеше нысанда болып, ғылыми дәрежедегі біздің ғалымдарымыздың атқарып жатқан жұмыстарын көрдік және ол халықаралық деңгейде бәріне белгілі болып жатыр. Осы кәсіпорындар сол өңірде қала құраушы кәсіпорындар болып табылады. Сонымен қатар заңның негізгі идеясына келсек, коммерцияландыру мәселесімен қоса оның әлеуетін көтеруіміз керек, оның даму жолдарын қарастыруымыз керек. Осыған байланысты менде сұрақтар бар.

Заң қабылданған жағдайда ғылымды қажетсінетін аумақтарда ғылыми қызметтерді ынталандыру мақсатында қандай қолдау мен көтермелеу шаралары іске асырылатын болады?

Егер заң қабылданса қолданыстағы заңнамаға сәйкес бүгінгі атқарылып жатқан шаралар мен осы заң қабылданғаннан кейінгі шаралардың айырмашылығы қандай болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Гүлзат Ізбасарқызы, жауап беріңіз.

КӨБЕНОВА Г.І. Сұрағыңызға рақмет.

Шын мәнінде де ғылымды қажетсінетін аумақтарды дамыту үшін негізгі ынталандыру шаралары ғылым және технологиялық саясат немесе Салық, Бюджет кодексінде біраз қарастырылған. Ал оған қосымша ынталандыратын шараларды айтуға болады.

Ғылымды қажетсінетін аумақтарда немесе ғылыми-технологиялық парктерге қосымша мынандай нормалар бар: арнайы экономикалық аймақтардың нормалары қолданылатын болады, оған қоса ғылыми инфрақұрылымдарды дамыту үшін ғылыми жеке серіктестік заңының нормалары да қолданылады. Мысалы, 2025 жылдың аяғында арнайы ғылымды қажетсінетін аумақтарды дамыту үшін концепция қабылданды. Осы тұжырымдамаға сәйкес алғашқы осындай аумақтардың бірі Курчатов қаласы. Оны Ұлттық ядролық орталықтың негізінде құру көзделіп отыр. Осы жылдың сәуір айында Курчатов қаласын дамыту стратегиясы қаралды. Соның ішінде осы аумақты қалай қалыптастырамыз деген жоспардың жобасы да талқыланды. Мысалы, Курчатов қаласында тек қана осы ядролық орталық емес, оған қоса ғылыми зертханалар, технопарктер, техникалық бағыттағы жоғары оқу орнын құру да көзделіп отыр. Соның ішінде алдағы бес жылға 76 объект құрастыру, оған тиісті қаржы бөлу де көзделіп отыр. Ал ғылыми-технологиялық парктерді айтатын болсақ, жоба бойынша тұжырымдамаға сәйкес біреуі Алматы маңындағы «Ядролық физика институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының негізінде, ал екіншісі Астана қаласындағы Назарбаев Университетінің негізінде. Осы бағытта жұмыстар жүргізілетін болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қожаев Марат Шәдетханұлына беріледі.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства здравоохранения.

Рассматриваемым законом вводится институт референс-центров для координации высокотехнологичной медицинской помощи и внешней оценки качества диагностики.

Деятельность референс-центров направлена на исключение субъективной ошибки на местах при постановке диагноза. Если в районной или областной больнице сталкиваются со спорным случаем (например, редкая патология в гистологии или нетипичный снимок МРТ), данные оцифровываются и направляются в референс-центр.

Референс-центры разрабатывают протоколы, по которым должны работать все лаборатории страны. Они проводят внешний контроль качества. Также референс-центры являются ядром цифровой медицины. Они аккумулируют данные для искусственного интеллекта в диагностике. Деятельность референс-центров считается эффективной, позволяющей сэкономить бюджетные средства за счет исключения неэффективного лечения, назначенного по ошибочным диагнозам.

В связи с этим у меня следующие вопросы.

1. Сколько референс-центров уже функционирует в Казахстане, по каким медицинским направлениям они работают?

2. Какие медицинские организации рассматриваются в качестве базовых площадок для создания новых референс-центров, какие финансовые ресурсы потребуются для их оснащения и функционирования?

3. Какие измеримые результаты ожидаются от внедрения системы референс-центров? Ждем ли мы снижения диагностических ошибок, сокращения сроков постановки диагноза, повышения качества высокотехнологичной медицинской помощи и экономии бюджетных средств?

ТӨРАҒА. Денсаулық сақтау вице-министрі Мұратов Тимур Мұратұлы, жауап беріңіз.

МҰРАТОВ Т.М. Рақмет.

Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар!

Очень актуальные вопросы.

Да, действительно, Министерство здравоохранения в данный момент узаконивает свои действующие референс-центры. Сейчас действует один референс-центр на базе Национального научного онкологического центра. Дальнейшее увеличение количества подобных рефренс-центров будет определено соответствующим нормативным правовым актом министерства.

Также хотел сразу отметить, что финансирования для данного направления отрасли не требуется, это все в рамках имеющегося оборудования, кадров и тарифов на диагностику.

Безусловно, мы рассчитываем, что намного улучшится качество диагностики, и это отразится на дальнейшем лечении пациентов и увеличении продолжительности жизни наших граждан. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Алтынбек Нухұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНІСОВ Т.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Қадірлі әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым, ғылымды қажетсінетін аумақтар, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, денсаулық сақтау және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізгі міндеттері мен мақсаттары жайлы әріптесім Алтынбек Нухұлы баяндап берді.

2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған жаңа Конституцияда ғылым, білім және инновацияларды дамыту мемлекеттің стратегиялық басымдығы және адами капиталдың негізгі факторы болып жарияланды. Конституция азаматтардың ғылыми шығармашылық еркіндік құқығын бекітетін және зияткерлік меншікті мемлекеттік қорғауға кепілдік беретін іргетас болып табылады. Осы ережелерді практикалық іске асыру жүйелі тәсілді және кезеңдік мемлекеттік саясатты талап етеді.

Бүгін біз қарастырып отырған заң ғылымның практикалық қайтарымын арттыруға, экономикамен интеграциялауға, тұрақты ғылыми-технологиялық өсу үшін жағдай жасауға, сондай-ақ әлеуметтік және мемлекеттік жүйелердің тиімділігін арттыруға бағытталған дамудың тұтас моделін қалыптастырады.

Заңда келесі жаңа нормалар көзделген:

ғалымдардың мәртебесін арттыру, ғылыми қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау шараларын бекіту;

жоғары ғылыми ұйым – Ұлттық ғылым академиясын реформалау;

ұжымдық пайдалану зертханаларының тетігін орнату;

инновациялық ресурстарды шоғырландыру үшін жаңа ұйымдық нысандарды енгізу, яғни ғылымды қажет ететін аумақтарды құру;

ғылыми-технологиялық дамуды ұзақ мерзімді болжау практикасын бекіту.

Заңды қабылдау кезінде ғылымның дамуын жеделдету және инновацияларды енгізу, білім беру мен кадрлар даярлау сапасын арттыру, әлеуметтік қорғау мен денсаулық сақтауды жақсарту және әскери қызмет жүйесін жетілдіру, ел экономикасының жалпы бәсекеге қабілеттілігін арттыру күтіледі.

Құрметті әріптестер, мен аталған заңды қолдаймын және сіздерді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым, ғылымды қажетсінетін аумақтар, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, денсаулық сақтау және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенат отырысының бүгінгі күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым, ғылымды қажетсінетін аумақтар, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, денсаулық сақтау және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауды енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитеттердің отырыстарын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген алғашқы екі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау, прокуратура және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Қожаев Марат Шәдетханұлына беріледі.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қарастырылып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау, прокуратура және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Сенат отырысында қаралды және бірінші оқылымда мақұлданды.

Законами предусматриваются следующие важные новеллы.

В связи с принятием нового Конституционного закона «О Қазақстан Халық Кеңесі» Закон «Об общественных объединениях» дополняется статьей 7-1, регламентирующей деятельность этнокультурного объединения, в качестве которого признается некоммерческая организация, создаваемая в целях удовлетворения интересов граждан в сфере сохранения и развития традиций, языков и культуры этносов Казахстана.

Предусматриваются поправки в части комплексного пересмотра нормотворческого процесса в связи с переходом к однопалатному высшему представительному органу,

осуществляющему законодательную власть, и нововведениями, предусмотренными в новой Конституции.

В частности, в связи с наделением правом законодательной инициативы Қазақстан Халық Кеңесі в Законе «О правовых актах» предусматривается механизм его реализации.

Отдельные дефиниции Закона «О правовых актах», а также его положения о порядке принятия нормативных правовых актов, введения их в действие, обратной силы приводятся в соответствие с новой Конституцией.

В целях выполнения рекомендаций международных организаций определяется национальный докладчик по вопросам противодействия торговле людьми, в качестве которого будет выступать Уполномоченный по правам человека.

Функции контроля и надзора за маломерными судами из ведения Министерства транспорта передаются в компетенцию Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан.

В рамках гуманизации Уголовно-исполнительный кодекс дополняется самостоятельными статьями в части условий отбывания наказания женщинами в учреждениях средней и максимальной безопасности. Так, новые нормы регламентируют права женщин на приобретение продуктов питания, количество получаемых посылок или передач, а также количество и периодичность получения свиданий. Данные положения улучшат условия содержания женщин в учреждениях уголовно-исполнительной системы.

Кроме того, предусмотрена норма, согласно которой в случае рождения ребенка в учреждении уголовно-исполнительной системы, это учреждение не будет указываться в свидетельстве о рождении.

В целом реализация законов позволит совершенствовать законодательство в области выборов, деятельности прокуратуры, обеспечить правовую согласованность норм ряда отраслевых законов, а также совершенствовать отдельные сферы законодательства.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау, прокуратура және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заңдарды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау, прокуратура және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, мақұлданған заңдар жаңа Конституцияны іске асыруға бағытталған түзетулер топтамасын қамтып отыр. Атап айтқанда, қолданыстағы заңнамаға жаңа мемлекеттік билік институттарының құрылуына байланысты өзгерістер енгізілді. Сайлау процестерін нақтылауды көздейтін нормалар да қарастырылды. Сондай-ақ инвесторлардың құқықтарын қорғауға бағытталған прокуратураның қызметі қайта қаралып, Бас Прокурорға инвестициялық омбудсмен өкілеттігі берілді. Ілеспе заңға қылмыстық және әкімшілік заңнаманы өзектендіруге арналған түзетулер енгізіліп отыр. Жалпы, бұл нормалар конституциялық реформаның сапалы іске асырылуын қамтамасыз етеді деп сенеміз.

Осы заңдар бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Сенат отырысында қаралды және бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң Қазақстан Республикасы Салық кодексінің нормаларын 2026 жылғы 15 наурыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Енгізілген өзгерістер салық саясатының негізгі тәсілдеріне әсер етпейтіні, жаңа салықтарды енгізбейтіні және азаматтарға немесе бизнеске жүктемені арттырмайтынын атап өту қажет.

Заң теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарларға алып келмейді және мемлекеттік бюджеттен қаржылық шығындарды талап етпейді.

Заң комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты қаралып талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер, осыған байланысты Қаржы және бюджет комитеті «Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бекболат Серікбекұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған заң арқылы Құрылтайдың және Қазақстан Халық Кеңесінің құрылуына байланысты салық заңнамасына тиісті өзгерістер енгізіліп отыр. Сондай-ақ азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну қолжетімділігін арттыратын түзетулер де қарастырылды. Заң бұл бағыттағы жұмыстардың жүйелі жүргізілуіне өз септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі екі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Нұғманов Амангелді Шайхоллаұлына беріледі.

НҰҒМАНОВ А.Ш. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Ұсынылып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бірінші оқылымда тұжырымдамалық түрде қаралып, депутаттар тарапынан қолдау тапты.

Мемлекеттік құпияларды сенімді қорғауды қамтамасыз ету, осы саладағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты айтарлықтай күшейту, олардың құрамын нақты әрі тиімді ету, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін құқықтық тұрғыдан жетілдіру және елдің ұлттық қауіпсіздігін одан әрі нығайту мәселелері қамтылған бұл заңдардың еліміздің арнаулы мемлекеттік органдарының қызметі үшін маңыздылығы жоғары.

Аталған заңда ең алдымен жас және талантты IT-мамандарды арнаулы мемлекеттік органға қабылдау үшін қолданыстағы заңдағы жас шектеуін алып тастау, яғни арнаулы мемлекеттік органдардың жедел бөлімшелеріне 23 жасқа толмаған азаматтарды қабылдауға қойылған тыйымды жою көзделген. Сонымен қатар Конституциялық Соттың 2025 жылғы 24 қаңтардағы № 62-НП нормативтік қаулысын іске асыру мақсатында арнаулы мемлекеттік орган қызметкері тергеуде болған кезде оны ең төменгі айлық жалақы мөлшерімен қамтамасыз ету бөлігінде маңызды түзету қарастырылған. Бұған қоса терроризм және экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік органдардың құзыреті нақтыланып, террористік және экстремистік материалдарды сақтауға және тасымалдауға (олардың әкелінуіне, шығарылуына, дайындалуына және таратылуына жол бермеуден басқа) тікелей тыйым салу көзделіп отыр.

Түзетулер аясында арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған басқа да маңызды шаралар қамтылған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске түзетулер енгізуді көздейтін ілеспе заң әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы белгіленген талаптарды қайталап бұзғаны үшін жауаптылық айтарлықтай күшейтіледі. Бұдан басқа Мемлекеттік күзет қызметінің лауазымды адамдарына өз құзыреті шегінде берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды орындамаған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау құқығын беру ұсынылады.

Қаралып отырған заңдар бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінің депутаттары тарапынан ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ. Осыған байланысты комитет Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес қарастырылып отырған заңдарды тұтастай мақұлдауды ұсынады.

ТӨРАҒА. Рақмет, Амангелді Шайхоллаұлы.

Құрметті әріптестер, заңдарды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау

жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған заңдар еліміздің арнаулы мемлекеттік органдарында қызмет өткеру саласын реттейтін заңнаманы одан әрі жетілдіру үшін әзірленіп отыр. Осы мақсатта қызметке тұру, өткеру, оны тоқтату ережелерін реттейтін тетіктер және кадр саясаты нақтыланды. Заңда қызметкерлердің еңбек құқығын, материалдық қамтамасыз етілуін және әлеуметтік қорғалуын күшейтуге арналған нормалар да бар. Аталған түзетулер еліміздегі арнаулы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы заңдар бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым, ғылымды қажетсінетін аумақтар, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, денсаулық сақтау және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Ғылым, ғылымды қажетсінетін аумақтар, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, денсаулық сақтау және әскери қызмет мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Сенат отырысында бірінші оқылымда мақұлданды.

Қаралып отырған заң Азаматтық кодексе, Қылмыстық-атқару кодексіне, Еңбек кодексіне, Әлеуметтік кодексе және Бюджет кодексіне, сондай-ақ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексе және Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Заң жобасы ғылымды дамытуға, әлеуметтік қорғау тетіктерін жетілдіруге, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға, білім беру сапасын жақсартуға және әскери қызмет саласындағы құқықтық реттеуді одан әрі жетілдіруге бағытталған. Атап айтқанда, Азаматтық кодексе енгізілетін өзгерістер сақтандыру төлемдері мен зейнетақы аннуитеттері саласындағы құқықтық қатынастарды нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл норма сақтандыру төлемдерін алушылардың және зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан азаматтардың мұрагерлерінің құқықтарын қорғауға бағытталған.

Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазасын өтеп жүрген сотталғандарға техникалық мүмкіндік болған жағдайда онлайн форматта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алу құқығы беріледі. Бұл түзету сотталған адамдарды қайта әлеуметтендіруге және олардың қоғамға бейімделуіне оң ықпал етеді.

Еңбек кодексіне ғылым саласындағы жетекші ғалымдарға арналған әлеуметтік демалыстың жаңа түрін енгізу жөніндегі норма енгізіледі. Бұл ғылыми кадрларды қолдауға бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

Сонымен қатар «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексте енгізілетін түзетулер уәкілетті органның дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қалыптастыру, тіркеу және сараптама жүргізу жөніндегі құзыреттерін кеңейтеді. Бұл халықты сапалы әрі қолжетімді медициналық өнімдермен қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік кодексте енгізілетін өзгерістер комадағы азаматтарға медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу тәртібін айқындайды. Сонымен қатар бірінші топтағы мүгедектігі бар, күтімді қажет ететін азаматтарға күтім жасайтын адамдарға жәрдемақы тағайындау мәселесі де реттеледі. Бұдан бөлек заң жобасында азаматтық авиация саласындағы мамандарды халықаралық талаптарға сай даярлау мәселелері және запастағы сержанттардың әскери қызмет өткеру тәртібі қарастырылған.

Жалпы алғанда заң ғылым мен инновацияны дамытуға, адами капиталдың сапасын арттыруға, әлеуметтік және медициналық қолдау тетіктерін жетілдіруге, сондай-ақ еліміздің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитеттерінен заң бойынша ескертпелер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті әріптестер, баяндалғанды ескере келе Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Ғылым, ғылымды қажетсінетін аумақтар, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, денсаулық сақтау және әскери қызмет мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Алтынбек Нухұлы.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым, ғылымды қажетсінетін аумақтар, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, денсаулық сақтау және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, қаралған заң ғылыми-техникалық қызметті қолдауды және ғалымдар мен ғылыми қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын арттыруды көздейді. Заң арқылы ғылымды қажет ететін аумақтардың, ғылыми қалашықтардың және ғылыми-технологиялық парктердің мәртебесі мен құқықтық негіздері айқындалды. Заңда Ұлттық ғылым академиясының жұмысын жетілдіруді, еліміздегі ғалымдарды әлеуметтік қорғауды

күшейтуге арналған нормалар да бар. Сонымен қатар заң шеңберінде дәрілердің қолжетімділігін қамтамасыз ететін ережелер де қарастырылды.

Заңды қабылдау ғылым саласындағы мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясатты іске асыру үшін қолайлы құқықтық орта құруға өз септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған әріптестерге рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды.

Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Премьер-Министрге жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Заң үстемдігі қамтамасыз етілмей, әділетті қоғам құру мүмкін емес» деп атап көрсеткен болатын.

Бүгінде қоғамда үлкен алаңдаушылық туғызып отырған мәселелердің бірі – халық көп шоғырланатын нысандарда инженерлік және энергетикалық қауіпсіздік талаптарының сақталмауы. Соңғы уақытта Астана қаласындағы «Алаш» базарының аумағында орналасқан жоғары кернеулі электр беру желілерінің күзет аймақтарына қатысты жағдайы қоғамда қызу талқыланып жатыр.

Қолда бар деректерге сәйкес базар аумағы арқылы аса жоғары кернеулі электр желілері өтеді. Комиссиялық тексерулер барысында электр желілерінің күзет аймақтарының бұзылу фактілері анықталғаны туралы ресми қорытындылар жарияланды. Сонымен қатар жобалау ұйымдарының схемалары бойынша жекелеген нысандардың санитариялық алшақтық аймақтарына түсетіні көрсетілген.

Бұл мәселенің өзектілігі тек бір базардың немесе бір кәсіпкерлік субъектінің тағдырымен шектелмейді. Ең алдымен бұл – азаматтардың қауіпсіздік мәселесі.

Екіншіден, бұл еліміздегі стратегиялық инженерлік инфрақұрылымның қорғалу деңгейі.

Үшіншіден, бұл мемлекеттік органдар арасындағы үйлестірудің және қолданыстағы заңнаманың тиімділігінің көрсеткіші. Өкінішке қарай, бұл мәселе тек Астанаға ғана тән емес. Еліміздің көптеген өңірлерінде жоғары кернеулі электр желілерінің күзет аймақтарында орналасқан базарлар, қоймалар, автотұрақтар, өндірістік және коммерциялық нысандар кездеседі.

Сарапшылардың пікірінше мұның негізгі себептері:

электр желілерінің күзет аймақтарының цифрлық карталарының толық болмауы;

жер телімдерін бөлу және құрылыс жүргізу кезіндегі бақылаудың жеткіліксіздігі;

сәулет, жер қатынастары, энергетика, санитариялық бақылау және төтенше жағдайлар органдары арасындағы үйлестірудің әлсіздігі;

заңнамалық нормалардың әртүрлі құқықтық актілерде шашыраңқы орналасуы, жауапкершілік тетіктерінің жеткіліксіздігі.

Халықаралық тәжірибе бұл мәселеге ерекше назар аударудың қажеттілігін көрсетеді. Мәселен, Германияда жоғары кернеулі электр желілерінің күзет аймақтары ұлттық инфрақұрылымдық қауіпсіздік объектісі ретінде қарастырылады. Мұндай

аймақтарда адамдар көп жиналатын нысандарды орналастыруға қатаң шектеулер қойылған. Сингапурда барлық инженерлік желілер мен олардың қорғау аймақтары бірыңғай цифрлық платформаға енгізілген. Құрылысқа рұқсат беру жүйесі бұл шектеулерді автоматты түрде ескереді. Жапонияда халық тығыз орналасқан өңірлерде электр желілерінің қауіпсіздігін бақылау тәулік бойы цифрлық мониторинг арқылы жүзеге асырылады. Оңтүстік Кореяда жергілікті билік органдары мен энергетикалық компаниялардың жауапкершілігі нақты бөлінген, ал күзет аймақтарындағы заң бұзушылықтар тәуекелдің жоғары деңгейіне жатқызылады. Қазақстанда да стратегиялық инфрақұрылым қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесінде осындай заманауи тәсілдерге көшу қажеттілігі өзекті. Осыған байланысты Үкіметке келесі шараларды қарастыруды ұсынамыз:

1) Үкіметке республика бойынша жоғары кернеулі электр беру желілерінің күзет аймақтарында орналасқан нысандарға кешенді түгендеу жүргізуді;

2) энергетикалық инфрақұрылымның күзет аймақтарының бірыңғай цифрлық реестрін құруды;

3) цифрлық реестр бойынша ақпаратты мемлекеттік жер кадастрымен, қала құрылысы кадастрымен және цифрлық карталармен интеграциялауды;

4) электр желілерінің күзет аймақтарында құрылыс жүргізуге және нысандар орналастыруға қатысты ведомствоаралық келісу рәсімдерін күшейтуді;

5) тәуекелге негізделген цифрлық мониторинг жүйесін енгізу және энергетикалық инфрақұрылым нысандарының күзет аймақтарын қорғауға қатысты заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді және азаматтардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау мақсатында жауапкершілік шараларын күшейту.

Құрметті Олжас Абайұлы! Мемлекет басшысы айтқандай, заң талаптары баршаға бірдей болуы тиіс. Азаматтардың өмірі мен денсаулығы, стратегиялық инфрақұрылымның қауіпсіздігі және заң үстемдігі кез келген экономикалық немесе коммерциялық мүддеден жоғары тұруы тиіс.

Заңға сәйкес жоғарыда баяндалған мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Б. Жексенбай, А. Нұғманов, Б. Орынбасаров». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ.

Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ М. ӘШІМБАЕВ

# МАЗМҰНЫ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

## СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

## 2026 жылғы 4 маусым

**Күн тәртібі бойынша**
О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау, прокуратура және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам приведения их в соответствие с Конституцией Республики Казахстан, совершенствования законодательства Республики Казахстан о выборах, прокуратуре и социальном обеспечении», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Уголовный, Уголовно-процессуальный, Уголовно-исполнительный кодексы Республики Казахстан и Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам приведения их в соответствие с Конституцией Республики Казахстан, совершенствования законодательства Республики Казахстан о выборах и прокуратуре», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі М.Ш. ҚОЖАЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам КОЖАЕВА М.Ш. ..... 1

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. ..... 4

ОМАРБЕКОВ Б.Б. – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, вице-министр национальной экономики Республики Казахстан ..... 4

ШЕГАЙ В.В. – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, вице-министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан ..... 5
ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. ..... 5
МЕРСАЛИМОВА Л.Қ. – Қазақстан Республикасы Әділет вице-министрі, вице-министр юстиции Республики Казахстан ..... 6
ОМАРБЕКОВ Б.Б. ..... 6
ҚАНИЕВ Б.Н. ..... 6
ХАСЕНОВ А.А. – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының міндетін атқарушы, исполняющий обязанности председателя Комитета по защите прав инвесторов Генеральной прокуратуры Республики Казахстан ..... 7
АСАНОВА Ж.Б. ..... 8
БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. ..... 9

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений в Налоговый кодекс Республики Казахстан», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.С. ОРЫНБЕКОВТІҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету ОРЫНБЕКОВА Б.С. ..... 10

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

МӘКЕЖАНОВ С.А. ..... 11
ТҰРЫСОВ Ә.Н. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан ..... 11
МӘКЕЖАНОВ С.А. ..... 12

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам деятельности специальных государственных органов Республики Казахстан», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі А.Ш. НҰҒМАНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности НУГМАНОВА А.Ш. ..... 13

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ҚАДЫРБЕК М.Б. ..... 15

НАЙМАНТАЕВ А.Т. – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары, заместитель Председателя Комитета национальной безопасности Республики Казахстан ..... 15

ЖҮНІСОВ Т.Т. ..... 16

НАЙМАНТАЕВ А.Т. ..... 16

КАРПЛЮК С.А. ..... 16

ЛУКИН А.И. ..... 18

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым, ғылымды қажетсінетін аумақтар, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, денсаулық сақтау және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам науки, наукоемких территорий, социального обеспечения, образования, здравоохранения и воинской службы», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі А. НУХҰЛЫНЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке НУХУЛЫ А. ..... 20

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. ..... 21

КӨБЕНОВА Г.І. – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі, вице-министр науки и высшего образования Республики Казахстан ..... 22

САРЫБАЕВ Ғ.Т. ..... 23

КӨБЕНОВА Г.І. ..... 24

ҚОЖАЕВ М.Ш. ..... 24

МҰРАТОВ Т.М. – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі, вице-министр здравоохранения Республики Казахстан ..... 25

ЖҮНІСОВ Т.Т. ..... 25

ЖҮСІП Н.Б. ..... 26

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан**

**Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау, прокуратура және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам приведения их в соответствие с Конституцией Республики Казахстан, совершенствования законодательства Республики Казахстан о выборах, прокуратуре и социальном обеспечении», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (второе чтение)

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Уголовный, Уголовно-процессуальный, Уголовно-исполнительный кодексы Республики Казахстан и Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам приведения их в соответствие с Конституцией Республики Казахстан, совершенствования законодательства Республики Казахстан о выборах и прокуратуре», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (второе чтение)

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі М.Ш. ҚОЖАЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам КОЖАЕВА М.Ш. .....27

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений в Налоговый кодекс Республики Казахстан», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (второе чтение)

**Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.С. ОРЫНБЕКОВТІҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету ОРЫНБЕКОВА Б.С. .....29

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам деятельности специальных государственных органов Республики Казахстан», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (второе чтение)

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (второе чтение)

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі А.Ш. НҰҒМАНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности НУГМАНОВА А.Ш. ..... 30

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым, ғылымды қажетсінетін аумақтар, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, денсаулық сақтау және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам науки, наукоемких территорий, социального обеспечения, образования, здравоохранения и воинской службы», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (второе чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі А. НУХҰЛЫНЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке НУХУЛЫ А. ..... 32

**Депутат Б.Н. ЖЕКСЕНБАЙДЫҢ Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. ..... 34

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директоры М. Искаков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК
Стенографиялау қызметінің басшысы Г. Молдашева